

Keller компаниясының іскерлік этика кодексы

Әдеп алтыннан да қымбат. Біз бірге Keller компаниясының мәдениетін арттыруына үлесімізді қосамыз, ал біздің әр қадамымыз айналадағы адамдарға тікелей әсер етеді. Жалғыз-ақ әрекет немесе қателігіміз абыроймызға, акциялар бағамына және болашағымызға теріс әсер етуі мүмкін.

Біздің іскерлік этика кодексымыз Keller компаниясының дүние жүзіндегі барлық жобаларындағы әріптестерімізге негізгі әдеп талаптарын белгілейді, Біздің Кодексіміз қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін үш қағидаға негізделген:

- 1. Заң** - біз әрқашан заңды сақтауымыз тиіс – бұл Keller компаниясының тұтынушылар сенімінің өзегі
- 2. Біздің іс барысындағы сүйенетін қағидаларымыз** – бізге қажет мәлеметтерді, бағыттар мен қолдауды қамтамас етіп біздің ісіміз заңға сәйкес болуын кепіл береді
 - **Әркімнің денсаулығын әрі қауіпсіздігін қамтамасыз ету**
Біздің орындайтын жұмысымыздың нәтижесі ретінде ешкім жарақаттанбауы қажет деп ойлаймыз, - сонымен аман-есен әрі деніміз сау болуына сенімді бола аламыз
 - **Қызметкерлердің құқықтарын және өзге ұлттықты қолдау**
Біз әркімнің құқықтарын, абыройын және айырмашылығын бағалаймыз, қолдаймыз және қорғауға бар күшімізді саламыз, осылайша барлығымыз құрметте іс атқарамыз.
 - **Этикалық және адал тәртіпті сақтау**
Біз әрқашан адалмыз, заң сүйеніп қызмет етеміз, , сондықтан әркімнің сеніміне ие боламыз.
 - **Пара алу мен жемқорлықтан аулақ болу**
Біз ешқашан пара мен жемқорлыққа жол бермейміз және жобаларымыз адал жолмен жүзеге асырылады, осылайша әркім біздің шешімдеріміз дұрыс қабылданғанын түсінеді.
 - **Арақатынасымыз ашық әрі жауапкершілікке толы**
Біз ашық, адал, таза және жауапты арақатынасты құрамыз.
 - **Тұтынушыларға үздік қызметті ұсыну және серіктестерімізбен біздің стандарттарымыздың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету**
Біз тұтынушыларымыздың қажеттіліктеріне сай болу және күтімін ақтау үшін қызмет етеміз, сондықтан олар біздің компаниямызбен қайта қауышады. Біз серіктестерімізбен сындарлы арақатынастарды құрамыз сонымен олар біздің қағидаларымыз бен стандарттарымызды қабылдайды.
 - **Қоғамдастықтың ішінде жұмыс істеу**
Біз жұмыс істейтін қоғамдастыққа қатысты жауапкершілік пен құрметті сақтаймыз, өйткені біз - олардың біріміз.

- **Қоршаған ортамызды қорғау**
Біз қоршаған ортаны құрметтейміз және қорғаймыз, оған деген әсерімізді азайтуға тырысамыз, осылайша біз болашағымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз.
 - **Шындықты қорғау**
Біздің қағидаларымыз сақталмаған кезде біз әрқашан оны талқылаймыз, осылайша негіздеріміздің бірлігін қорғаймыз.
3. **Біздің өзекті құндылықтарымыз** – ол біздің **Мінсіздігіміз** , **Ынтымақтастығымыз және Мүлтіксіздігіміз** әрқашанда қызметкерлерімізге, тұтынушыларымызға, акционерлеріміз бен қауымдастықтарымыз үшін адал қызмет етудің кепілі, ол тек заңды сақтау мен қызметімізді орындау аясымен шектелмейді.